



Аллақол

Газет 1935 жылғы қазан айынан шығады

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Районная общественно-политическая газета

№27 (7958) 03. 07. 2021.
Сенбі / Суббота

Аудан әкімі А.Абдиновтың Елорда күнімен ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді, еліміздің жүрегі, береке-бірлігіміздің тірегі болған елорда күнімен шын жүректен құттықтаймын.

Астана күні – бұл бүкіл қазақстандықтар үшін маңызы зор айтулы оқиға.

Себебі, тәуелсіздігіміздің тірегі, Отанымыздың жүрегі болған бас қаламыз арқылы Қазақстан өзінің еңсесін тіктеген ел екенін жер-жаһанға паш етті. Бүгінде ел Тәуелсіздігіне 30 жыл толып отыр. Астанамыз – халқымыздың айбыны, егемен еліміздің символы, зор мақтанышына айналды.

Болашақты болжай білген Тұңғыш Президент – Елбасының бағыт да ұлы идеясымен дүниеге келген Елордамыз қазақ елінің мерейін асқақтатып, сәулетті сұлулығымен таңғалдыруда.

Өткен 23 жыл ішінде еліміздің бас қаласы – Нұр-Сұлтан төрткүл дүниені түгел тамсандырған тарихи құбылысқа айналғаны ақиқат. Арқа төсіндегі сәні мен салтанаты жарасқан елорда бүгінде озық идеяларды, жаңа ғылыми шешімдер мен сәулет өнерінің озық үлгілерін өмірге әкелетін орталық. Бұнда өткен әлемдік дәрежедегі сан түрлі саммиттер, жаһандық жиындар мен дүркіреген додалар Нұр-Сұлтан қаласының әлемдік аренадағы абыройын асқақтата түсті.

Ерке Есілдің бойында жаңаша сәулетпен бой түзеген әсем қала алыстан көз тартып, көңіл баурайды. Сондықтан оның ертеңіне барлық қазақстандықтар үлкен үмітпен қарап, бүкіл әлем қызыға көз тігуде.

Осы орайда, еліміздің астанасын құру мен оны асқақ армандар ұштасатын бас қалаға айналдырудағы Елбасының ұшан-теңіз еңбегі ескеріліп, Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың тапсырмасымен «Астана» – «Нұр-Сұлтан» болып қайта түледі.

Бүгінде, егемен еліміздің барлық өңірлері Елордамызға қарап бой түзеп келеді.

Қадірменді алакөлдіктер!

Осынау қуанышқа толы мереке күні Сіздерге зор денсаулық, шаңырақтарыңызға құт-береке, бастамаларыңызға сәттілік тілеймін.

Еліміз аман, жұртымыз тыныш, Тәуелсіздігіміз баянды болсын!
Еңселі Елордамыз бен өңірлеріміз өркендей берсін!

ПОЗДРАВЛЕНИЕ акима района А.Абдинова с Днем столицы

Уважаемые жители района!

От всего сердца поздравляю вас с Днем столицы, которая является сердцем нашей страны, опорой благополучия и единства!

День столицы – знаменательная дата для всех казахстанцев.

Ведь именно главный город, который стал опорой независимости и сердцем родины, продемонстрировал всему миру достижения Казахстана. В этом году исполняется 30 лет независимости страны, а столица является славой для народа, символом суверенитета и его большой гордостью. Рожденная смелой идеей Первого Президента – Елбасы, сумевшего предсказать будущее, она возвеличивает имя казахского народа и поражает архитектурной красотой.

За прошедшие 23 года главный город страны – Нур-Султан стал историческим явлением, удивляющим весь мир. Раскинувшаяся на просторах Сарыарки столица является центром, воплощающим в жизнь передовые идеи, новые научные решения и лучшие образцы зодчества. Многочисленные саммиты высшего уровня, масштабные собрания и соревнования, проходящие в столице, подняли престиж Нур-Султана на мировой арене.

Расположенный вдоль Ишима красивый город издавна привлекает своей оригинальностью. Поэтому все казахстанцы возлагают большие надежды на его будущее, а весь мир с интересом наблюдает за развитием.

В связи с этим, учитывая заслуги Елбасы по созданию столицы и превращению ее в центр высоких мечтаний, по поручению Главы государства К.Токаева ее переименовали из Астаны в Нур-Султан.

Сегодня все регионы суверенного государства берут пример с него.

Уважаемые алакольцы!

В этот радостный праздник желаю вам крепкого здоровья, благополучия семьям и успехов во всех начинаниях!

Пусть в стране царит мир и покой, а наша независимость крепнет день ото дня!

Процветания столице и регионам!

Мереке құрметіне

Қаламына халықтың мұңын қондырып, жұрт тілегінің айнасы болу журналист атаулының басты міндеті. Тілші болу үшін тума дарынның да қажеті шамалы секілді. Бұнда талап пен талпыныс, адал еңбек пен ізденіс, өз ісіңе деген нағыз махаббат керек.

Бір түсінгенім журналист болу бұл таңдау емес, Құдай берген құдіретті қарым-қабілет, табиғи дарын. Халық қамы мен ел мүддесі үшін қаламыңды қисайтып, келісті сөзбен көркем мақала жазу оңай іс емес. Сан салалы хабар-ошар, бір сарынды дүниелерден бөлек, тұщымды, ауыз толтырып айтуға тұрарлық туындыларды да ақ қағазға түсіре білу керексің. Бұл сала терең білім мен зор ізденісті, зерек зейін мен кең ауқымды көзқарасты талап етер ақыл-ой еңбегі. Елді тәрбиелейтін де, бұқараны бірлік-берекеге үгіттейтін де аталмыш азаматтар болғандықтан, жаңғырудың жаңа белесіне қадам басқан мемлекетіміз бұл мамандықтың шоқтығын биік қояды.

28 маусым – Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері



күніне орай өңір басшысы А.Абдинов аудандық «Алакөл» газетінің ұжымын қабылдады.

Аудан әкімі өз сөзінде журналистердің қоғамдық пікір мен халықтың ойын қалыптастырудағы рөлін, ақпарат таратушы және жаңалық жаршысы ретіндегі маңызын атап өтті.

Артынша «Алакөл Баспагері» жеке кәсіпкерлігінің басшысы Ардақ Ысқақовқа «Құрмет грамотасын», редакциямыздың бас есепшісі Қасиет Орынбаева мен дизайнер Мейрамгүл Жакыпбароваға «Алғыс хат» ұсынды. Сонымен қатар газетіміздің белді мамандары, директор-бас редактордың орынбасары Ш.Нүкебаеваға, жауапты хатшы А.Есенбековке, тілшілер В.Иванова, М.Нұрқасымова мен А.Жанатоваға ҚР Журналистер одағының мүшелік куәлігін табыс етті.

Жиын соңында аудандық мәслихат хатшысы С.Жабжанов журналистерді төл мерекесімен құттықтап, ақжарма тілегін ақтарды.

Осы ретте барша журналистер қауымын атаулы мейраммен құттықтап, халық игілігі үшін атқарып жатқан жұмыстарына толайым табыс пен толағай жетістіктер тілегім келеді.

А.ХАНЗАДА.

Көкейкесті істер талқыланды

Облыстық мәслихат хатшысы Жанболат Әкебайұлы айдыңды өңірімізге ат басын тіреп, аудан депутаттарымен кездесу ұйымдастырды.

Аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында жетінші шақырылымның халық қалаулылары өлкеміздегі көзге көрініп, көңілде кірбің болып қалған мәселелерді көтерді.

Ж.Әкебайұлы өз сөзінде облыс көлемінде атқарылып жатқан ілкімді істерді жіпке тізіп, алдағы жоспарлар легімен бөлісті. Соның ішінде ауданымыздың дамуына бағытталған жұмыстар жайында әңгіме өрбітті.

Жиын барысында жас отбасыларды қолдау және тиімді баспана, ауыл шаруашылығына тиесілі жерлерді суару мен азық-түлік бағасын тұрақтандыру, балық шаруашылығында жүрген ауыл азаматтарының жан айқайы, бұқаралық спортты дамыту мен бюджетіне тиесілі қаражатты ұлғайту, Талдықорғаннан бері тартылған күре жолдың күрделі жөнделуден өту барысы, аурухана мен балабақша, білім ордаларындағы тамақтандыру ісі қаралды. Сонымен қатар Қызылқайың ауылындағы амбулаторияны күрделі жөндеу және егістік жерлерді ұлғайту үшін су жүйелерін реттеу мәселесі көтерілді.

Ж.Жүргенбаев барлық тақырыптарды түртіп алып, әр сұрақ-сұраныс бойынша толықтай жауап берді.

А.ЕСЕНБЕКОВ.

Спорт



Браво, девушки!

Далеко за пределами известны своими победами спортсменки алакольской школы бокса; борцы вольного стиля, туйе палуаны, чемпионы РК по жекпе - жек. И вот еще один успех – «золото» и «бронза» чемпионата Азии по самбо. На этот раз порадовали наши самбистки достойно представившие себя в составе сборной команды Алматинской области.

Недавно аким района Алмас Абдинов принял золотого и бронзового призеров чемпионата Азии среди кадетов Анель Кайратқызы, Акнур Бейсенбекқызы и их тренера Бағлана Акбашева. Он поздравил девушек с победой, тем более это событие произошло в канун празднования 30 – летия Независимости Казахстана.

Глава региона вручил самбисткам цветы и ценные подарки. А также выразил уверенность в том, что они еще не раз под-

нимутся на высшую ступень пьедестала почета на соревнованиях и турнирах самого высокого ранга.

Эта уверенность подкреплена тем, что с начала текущего года Анель становилась победителем и призером чемпионата РК и крупных соревнованиях в Кызылорде, Костанайе, Семей, Туркестане; Акнур – в Алматы, Ақтобе и Уральске. Браво, девушки!

В. ВОРОБЬЕВ.

Мечты сбываются

6 июля 2008 года в нашей стране появился новый государственный праздник - День столицы Республики Казахстан. Этот праздник приобрел большое значение для всего народа.

Мое первоначальное знакомство со столицей нашей страны состоялось в 2006 году, где я как лучший молодой педагог Алматинской области побывал на приеме Министра образования и науки РК Б. Айтимовой. Это был очень волнительный момент, ощутил столько эмоций, а масштаб мероприятия просто поразил меня. Ведь я был обычным педагогом - организатором Булактинской СШ, приехавшим из сельской глубинки.

Сам город Астана поразил меня своей красотой и величавостью. Конечно же, символом

и одной из основных ее достопримечательностей является монумент «Астана – Байтерек», резиденция Первого Президента страны Н. Назарбаева – «Ақорда», Дворец мира и согласия и многое другое.


Три дня я наслаждался и восхищался впечатлениями от увиденного, встречей с поэтессой Ф.Онгарсыновой. Мною было дано интервью для телеканала «Хабар», в котором я рассказывал о системе образования на селе, о том каким образом проходит обучение и воспитание подрастающего поколения.

Если бы мне тогда сказали, что я окажусь в числе счастливиц, которым удастся посетить этот город еще не раз, и даже жить в нем и работать, я бы наверное не поверил. Как оказалось, меч-

ты вполне осуществимы и покоряются только целеустремленным людям.

Уже через два года я вернулся в этот город в качестве главного специалиста районного отдела внутренней политики. В 2007 году я принял участие в работе республиканского молодежного форума, в следующем году состоялся съезд молодежного крыла «Жас Отан» с участием Первого президента Республики Казахстан Н. Назарбаева. К сожалению, и этот день подошел к концу, время пролетело совсем незаметно.

2020 год стал переломным в моей жизни, ведь решив испытать судьбу, приняв участие в онлайн - конкурсе среди госслужащих, я одержал победу. С этого момента моя карьера в ка-



честве государственного служащего стала стремительно расти вверх.

По результатам конкурса я доказал, что достоин занять должность главного эксперта комитета дошкольного и среднего образования Министерства образования и науки РК, также я являюсь куратором республиканского научно - практического центра «Дарын».

На будущее у меня много планов: учиться, самосовершенствоваться, поступить в докторантуру, изучать иностранные языки и развиваться.

Сегодня я живу и работаю на благо родины в г. Нур - Султан, вижу все достопримечательности своими глазами. Являюсь свидетелем перемен и дальнейшего роста уже покорившей многих столицы нашего государства.

В преддверии праздника Дня столицы обращаюсь к нашей молодежи. Ребята, ставьте достойные цели и достигайте их! Я на собственном примере доказал, что мечты сбываются, главное упорно двигаться вперед к намеченной цели. Ничего не бойтесь, учитесь, трудитесь, постигайте знания! И все о чем вы мечтали обязательно случится!

Поздравляю всех земляков с наступающим праздником, желаю всем благополучия, добра и процветания.

М. СУЛЕЙМЕНОВ,
главный эксперт комитета дошкольного и среднего образования Министерства образования и науки РК, куратор республиканского научно - практического центра «Дарын».



Сарыарқа төріндегі салтанат

Елорда. Тірліктері бөлек болғанымен тілектері ортақ адамдардың арман жетегімен келіп тұрақтаған мекені. Ширек ғасыр бұрын тақымымызға бекем басқан тәуелсіздігіміздің жемісі. Болашақтың шаһары.

Елбасымыз Н.Назарбаевтың салиқалы саясатының арқасында бүгінде төрткүл дүниенің көзі Нұр-Сұлтанда. Таңғалуға бір сәт, таңғалдыруға мыңжылдықтар керек екендігі талас бермес шындық. Ғасырлар қойнауына зер салып зерделейтін болсақ мемлекетіміздің сол таңғалдыратын сәті астанамыздың Алматыдан Ақмолаға көшірілуінен бастау алды. Кәрі материктің қақ ортасындағы қара шаңырақтың иесі атанған Қазақстанның мыңжылдықтан мәңгілікке аттанған сапарының алғашқы қадамдарының бірі де осы. Қиындыққа мойымай, «Бір ел, бір тағдыр!» қағидасымен дүйім жұртты болашаққа бастаған Елбасының арқасында аз ғана уақыт ішінде тақырға тау тұрғызылды. Төбесі көкпен та-

ласқан алып ғимараттар шоғырланған бас қаламыздың іргетасы қаланды. Сәні мен сәулеті сабақтасқан елордамыздың еңсесін тіктеу жолында тасадан тас атушылардың да қарасы мол болды. Бірі мемлекет қаржысын жымқырса, екіншісі елді теріс пиғылға үгіттеп, Сарыарқаның төріне салтанатты қала тұрғызу бекер әурелену деп пікір қалдырды. Алайда бастаған ісін аяқсыз қалдырмайтын Елбасы өз бағытынан таймай, арманындағы асқақ шаһарын шартарапқа әйгілі етті.

Н.Назарбаев өз сөзінде: «Әрбір қаланың өз тағдыры бар. Ол тұрғындарының, тұрған елінің тағдырымен тығыз байланысты. Біздің бас қаламыз Астана – тәуелсіздігіміздің төл перзенті. Астананың болашағы – тәуелсіз

еліміздің болашағы. Еркін еліміз өсіп, өркен жая берсе, Елордамыз да алыс қиянға көз тігіп, дами беретін болады. Халқымыздың жаңа ғасырдағы жарқын шежіресі дәл осы жерде жазылып жатыр, жазыла да береді. Жасампаздықтың жарқын үлгісіне, бейбітшіліктің бесігіне айналған Астанамыз еркін еліміздің түпкі межесі – Мәңгілік Елдің арқауы болып, жасай берсін», - деген болатын.

Шынымен де, елорданың дүниеге келуі мен қалыптасуы – біздің жаңа тарихымыздың тұтас бір эпопеясы.

Нұр-Сұлтан – біздің халқымызды өсіп-өркендеудің жаңа белестеріне, Қазақстанды әлемдік танымалдыққа бастайтын жалпыұлттық идеямыз. Бас шаһарымызды жаңа мыңжылдықта ғаламат болашақ күтіп тұрғанына менің ешқандай да күмәнім жоқ.

Б.САЯТОВА,
облыстық мәслихат депутаты.



Бұғытының байлығы - ел игілігіне қызмет етуге тиісті

Қазақтың кең даласының асты да, үсті де байлыққа толы. Сол қойнауларда жатқан қазба байлықтарды зерттеп, зерделеп, ел игілігіне асыру бүгінгі күннің басты талаптарының бірі әрі бірегейі. Кезінде, Кеңестер Одағы заманында жоғарыға жауаңдап, өзіміздің жеріміздегі байлықты игеруге рұқсат алудың өзі түйіні қиын мәселе болып саналғанын сол жылдары іс басында жүрген жандар жақсы біледі.

Енді, міне, Тәуелсіздігімізді алып, етек-жеңімізді түгендей бастағалы өз қолымыз, өз аузымызға еркін жетіп, өндіріс саласы алға жылжыған жылдармен бірге өркендеп келеді. Еліміздің жер қойнауы қазба байлыққа тұнып тұрғанын барлығымыз жақсы білеміз. Бізде Менделеев кестесіндегі элементтердің бәрін кездестіруге болады. Солардың бірі – элементтердің периодтық жүйесінің VI тобындағы химиялық элемент болып саналатын, аса сирек кездесетін және құндылығы жөнінен де басқалардан көш ілгері вольфрам.

Вольфрам және онымен бірге жанама жүретін тағы да басқа сирек әрі бағалы металдар: алтын, күміс, мырыш пен тағы басқа да құрамдасстардың аса бай қоры орналасқан Бұғыты таулы аймағындағы кеніш туралы қазір түрлі әңгімелер айтылуда. Бұл кен орнының белгілі болғанына биыл сексен жыл толады. Алғаш тау қойнауында аса сирек кездесетін бағалы металдардың бар екендігі 1941 жылы анықталып, зерттелген. Ол кездегі Кеңестер Одағының жағдайы тарихтан белгілі. Жаңа кен орындарын игеруді айтпағанда, батыста тұтанған соғыс өрті алапқа айналып, бүкіл ел Отан қорғау ісіне жұмылдырылған еді. Одан кейінгі жылдары соғыстан қираған шаруашылықты қалпына келтіру, тағы басқа да қауырт істер кесірінен Бұғытының байлығы көзден таса, көңілден тысқары қалған.

Бұғыты вольфрам кен орны – Іле Ала-тауының шығыс шетіндегі Үлкен Бұғыты тауында орналасқан. 1941 жылы ашылып, барлау жұмыстары 1942-1974 жыл аралығында үздік-создық жүргізілген. Бұғыты – Еңбекшіқазақ ауданында орналасқан штокверкелік кен орны. Алғаш кен шоғырлары 1941 жылы Алматы қаласынан солтүстік-шығыстан 205 шақырым, Шелек қаласынан батысқа 75 шақырым аймақта табылған болатын. Осының алдында айтқанымыздай, біраз жылдарға созылған үзілістен соң 1974 жылы 9 желтоқсанда КСРО Түсті металлургия министрлігі мен сол кездегі республикалық Түсті металлургия министрлігі және тағы басқа да одақтық деңгейдегі

мүдделі органдардың жауапты тұлғаларынан жасақталған мемлекеттік комиссия осы кен орнына байланысты отырыс өткізіп, нақты қорытынды жариялаған. Сол отырыстың хаттамасында көрсетілгендей, геологиялық барлау нәтижесінде Бұғыты кен орнында сирек кездесетін аса бағалы металдардың бай қоры барлығы, болашағы зор ірі өндірістік нысан бола алатындығы айтылған. Дегенмен не себеп болғанын қазір ешкім айта алмас. Сол отырыстан кейін кен орнына қатысты мәселе тағы да жылдар бойы қозғалысыз қалып, соңғы жылдары ғана оны ел игілігіне асыру туралы айтыла бастады. Қазақстан КСРО құрамында болған кезде бұл мәселенің тереңдете зерттеле қоймағаны және игерілмегені бір жағынан дұрыс та шығар. Егер сол кезде игерілсе, одан біздің елдің алар үлесі де болмас еді. Барлығы КСРО атты алып империяның ортақ қазанына құйылары сөзсіз болатын.

Жалпы, Кеңестер Одағы кезінде республика аумағында көптеген кен орындары зерттелген. Сол уақыттағы деректер бойынша, еліміздегі вольфрамның жалпы қоры 2 млн. тоннадан асады. Бұғыты кен орны соның ішіндегі ең ірісі екен. Егер қазіргі шақта қолға алынған жоба жүзеге асса, Қазақстан сирек кездесетін аса бағалы металды өндіру бойынша әлемдегі екінші орындағы мемлекетке айналады. Бағалы минерал сырт және ТМД елдеріне экспортталады. Бұл кеніште басты өндірістік минерал шеелиттен (вольфрам рудасы) тыс молибден, висмут, бериллий, алтын, күкірт колчаданы және күмістің бай қоры барлығы анықталған.

Геологиялық ерекшеліктеріне байланысты Бұғыты кен орны II топқа жатады. Яғни, бұл – химиялық құрамы күрделі ірі шоғырлар мен кендеудің біркелкі бөлінбеуі деген сөз. Міне, осындай күрделі де қажетті қазбаны отандық «Жетісу Вольфрам» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі игеруді қолға алды. Аталмыш серіктестік 2014 жылы құрылып, бағалы металл қазба байлықтарын зерттеумен айналысып келеді. Мұндай ауқымды жобаны іске асыру сарапшылардың бағалауы бойынша инвестициялық жобада көзделгендей шамамен 250 млн. АҚШ долларын талап етеді.

Вольфрам – ашық сұр түсті, баяу балқитын металл. Вольфрам электр шамының қылы, электр пештерінде қыздырғыштар, рентген түтіктерде, катодтар, тағы да басқа электрлік құралдарда электродтар ретінде қолданылады. Енді өзіңіз ойлап қараңыз, жоғарыда аталған элементтерді өзіміз өндіріп, қолданысқа енгізсек, бірнеше сектор дамидыны шүбәсіз.

Жобаға тоқталар болсақ, жүзеге асырылу мерзімі – 2021-2023 жыл. Жалпы сомасы – шамамен 94,5 млрд. теңге. Қайта өңдеуді қоса алғандағы қуаттылығы – жылына 3,3 млн. тонна кен. Оның негізгі мақсаты – өндірілген кеннен металл бұйымдарын дайындау кезінде оның сапасын арттыратын концентрат өзірлеп, оны одан ары ішкі және сыртқы нарыққа сатуға шығару.

Қазіргі уақытта жобаның I кезеңі орындалуда. Дайындық жұмыстарына жергілікті тұрғындар қатарынан 30 адам және шет елден шақырылған 2 маман тартылған. Жұмысшылардың айлық жалақысы – 250 мың теңге. Жоба іске асырылғаннан кейін 200-ге жуық жергілікті тұрғындар жұмысқа орналасып, 50 адам зауытқа қажетті мамандық бойынша оқытылады.

Ерекше атап өтетін нәрсе – кен өндіру саласында барлау-геологиялық жұмыстардың сапалы атқарылуының маңызы аса жоғары. Бұл орайда еліміз үлкен жетістіктерімен мақтана алады. Десек те, кадр мен арнайы осы саланың маманы мәселесі қолбайлап тұрғаны жасырын емес. Себебі сирек кездесетін тау-кен және түрлі металлургиялық өнеркәсіптің әлемдік деңгейде қарыштап дамуына жерасты барлау жұмыстарының жан-жақты зерттелуі және кен байлықтарының мөлшері мен құрамының тап баса анықталуының орны ерекше. Кен өнімдерін өндіруде еліміздің әлемде алдыңғы қатарда болуына, әрине, жоғарыда тілге тиек еткен барлау-геологиялық жұмыстарының дәлдігі мен сапалылығы айрықша әсер етеді.

Кешегі қоғамдық өзгерістер кезінде геологиялық ғылымның да басқа салалар секілді дағдарысқа түсуі орын алғанымен, еліміздің бұл бағыты тоқыраудан тез есін жиғаны мақтанарлық. Жұмыссыздықтан өзге салаға қызмет ауыстырған ғалымдар, талантты ізденушілер қайта өздерінің сүйікті ісіне оралып, ел байлығының қарқынды дамуына өз үлестерін қоса бастады.

Осы жұмыстар арқылы кен құрамын анықтау мен бағалау жолға қойылса, онан әрі қарайғы тиянақты барлау жұмыстары бірнеше сатыда жалғастырылады. Осы атқарылған ізденістер нәтижесінде кеннің технологиялық құрамы зерделеніп, вольфрам қоры мен өзге де табылған пайдалы компоненттері есепке алынады. Яғни, кен-барлау жұмыстарының тиянақтылығы – мол байлық пен пайданың көзі, ел өнеркәсібінің өркендеуінің кілті деген сөз.

Батыржан БАЙЖҰМАНОВ,
Алматы облысы әкімінің орынбасары.



Бәрінде бір кемшілік

Тұғырлы тәуелсіздігін еншілегеніне отыз жыл толған Қазақстан Республикасының еркіндігін сипаттап, елдігін танытатын, егемендігі мен біртұтастығын мейлінше нақтылай түсетін Мемлекеттік рәміздердің бүгінгі күні стандартты қандай? Осынау жауапты іске аудандағы мемлекеттік мекемелер мұқият мән беріп жүр ме?

Осы ретте «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» Заңының орындалуы аясында әдістемелік көмек көрсету үшін Мемлекеттік рәміздер жөніндегі комиссияның онлайн түрде кезекті отырысы өтті. Аудан әкімінің орынбасары М.Төлеужанов жиынды ашып, күн тәртібіндегі мәселеге қысқаша тоқталып өтті.

Оған қала, ауылдық округ әкімдері, білім мекемелерінің басшылары мен қызметкерлері, комиссия мүшелері, аудандық ішкі саясат, қала, ауылдық округ әкімдігінің, білім мекемелерінің мемлекеттік рәміздердің қолданылуына жауапты мамандары, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері қатысты. Жауаптылар аймақта патриоттық бағытта атқарылып жатқан жұмыстарының барысын баяндады.

Алақөл ауданы әкімдігі жанындағы ҚР Мемлекеттік рәміздері жөніндегі комиссия төрағасының тапсырмасына сәйкес, аудандық ішкі саясат бөлімі ағымдағы жылдың 25 сәуір мен 17 мамыр аралығында аудан аумағындағы орналасқан 81 мекемеге 2007 жылғы 4 маусымдағы «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық Заңын негізге ала отырып, талаптарын орындау мақсатында ауданда мемлекеттік рәміздердің орналастырылуы, қолданылуы мен насихатталуына зерделеу жұмыстарын жүргізген болатын. Атап айтқанда, 20 ауылдық округ әкімдігі, 20 мектеп, 5 балабақша, 2 колледж, 20 дәрігерлік амбулаториялар мен аурухана, 14 бөлім және мекемелер тексерілді.

Аудан әкімінің орынбасары М.Төлеужанов ауыстыруды қажет ететін, кірленген, өңі кеткен Елтаңба, Ту жыртылған, қараңғы мезгілде мемлекеттік рәміздердің міндетті түрде жарықтандырылуы жоқ мекемелерді сын тезіне алып, мекеме басшылары мен жауапты мамандардың Мемлекеттік рәміздерге деген немқұрайлықтарына қатаң ескертулер жасады. Және бұл бағыттағы жұмыстар ерекше бақылауда болып, жоғары дәрежеде ұйымдастырылуы керектігін айтты. Тексеру қорытындысымен анықталған кемшіліктерді жою үшін 15 күн уақыт беріліп, тағы бір мәрте тексеру ұйымдас-тырылатынын жеткізді.

Аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Б.Айтахметов ішкі мемлекеттік рәміздерді пайдалану мен орналасу қағидаларының сақталуы, сондай-ақ, оны уақытылы ауыстыру және жою туралы комиссия құжаттары болуы керектігін ескертті. Сонымен қатар Мемлекеттік рәміздерді насихаттау шараларының бірыңғай стильді жұмыс жоспарларын міндетті түрде бекіту керектігін айтты.

Аудандық прокуратура.

М.НҰРҚАСЫМОВА.

Үш буынды модель: полиция, прокуратура және сот

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты халыққа жолдауында «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» – бұл, шын мәнісінде, «Әділетті мемлекет» құру тұжырымдамасы. Азаматтардың мәселелерін тыңдап, көріп қана қою жеткіліксіз. Ең бастысы – дұрыс және әділ шешім шығару қажет. Азаматтар мүддесіне қызмет ететін мемлекеттің жаңа стандарттарын әзірлеу үшін көп жұмыс атқаруымыз керек», – деді. Мемлекет басшысы прокуратура, полиция және сот жүйелеріне негізгі рөлді жүктеп, Қазақстанда өкілеттіктердің аражігі нақты ажыратылған үш буынды модельді құруды тапсырды.

Үш буынды жүйе бойынша полиция қылмысты ашады, оған қатысты тұлғаларды анықтайды, дәлелдерді жинақтайды және бекітеді.

Прокурор жинақталған дәлелдемелерге тәуелсіз баға беріп, азаматтардың құқықтарының бұзылуына тосқауыл қояды, азаматтардың қылмыстық процестің орбитасына заңсыз таралуына жол бермейді, сотта мемлекеттік айыпты қолдайды.

Ал сот органдары әрекеттеріне түскен шағымдарды қарайды және түпкілікті шешім қабылдайды. Аталған қылмыстық процестің үш буынды моделі – азаматтардың құқықтарының дер кезінде қорғалуын қамтамасыз етеді және жоғары халықаралық стандарттарға жауап береді.

2020 жылғы 31 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық процесте азаматтардың құқықтарын қорғауды күшейту және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылғы 19 желтоқсандағы № 384-VI Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) қылмыстық, қылмыстық-процестік және өзге де заңнамаға қатысты ережелер бөлігі қолданысқа енгізілді.

Үш буынды модельді енгізуге байланысты заңнамаға енгізілген өзгерістерге сәйкес прокурорға адам құқығы мен бостандығына қатысты қылмыстық істер бойынша негізгі процессуалдық шешімдерді келісу және бекіту міндеті жүктелді.

Яғни, күдікті деп тану, әрекетін саралау, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу, тергеу тексеру мерзімдерін үзу туралы шешімдер прокурордың келісімімен ғана жасалады.

Прокурор айыптау актісін, бұйрықтық іс жүргізуді, теріс қылық хаттамасын және қылмыстық істі тоқтату туралы қаулыны бекітеді.

Сонымен қатар күдіктіге бұлтартпау шарасын қолдану мәселесі прокурордың келісімімен жүргізіледі.

2021 жылдан бастап қылмыстық істер бойынша прокурорға заң бойынша жаңа міндет жүктеліп отыр. Ол – адам құқығы мен бостандығына қатысты негізгі процессуалдық шешімдерді келісу және бекіту міндеті. Ал

мұндағы басты міндет – азаматтардың қылмыстық жауапкершілікке негізсіз тартылуын болдырмау.



Алақөл аудандық прокуратурасымен адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында күнделікті жұмыстар атқарылады. Атап айтатын болсақ, аудан прокуратурасының кезекші прокурорымен Қылмыстық - Процестік кодекстің (бұдан әрі – ҚПК) 128 бабының тәртібінде ұсталғандар, уақытша ұстау изоляторына (бұдан әрі – УҰИ), арнайы қабылдау орындарына қамалғандар және де қызметтік кабинеттер күн сайын тексеріліп тұрады.

Ағымдағы жылы аудан прокуратурасының кезекші прокурорымен аудандық полиция бөлімінің қызметтік кабинеттерін тексеруі барысында заңсыз ұсталған 2 азамат кезекші прокурордың қаулысымен босатылып, аудан прокуратурасының қадағалау актісімен кінәлі полиция қызметкерлері жауапкершілікке тартылған.

Аудандық прокуратурамен қылмыстық қудалауды жүзеге асыру кезінде адамның құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің заңды мүдделерін қорғап, қалпына келтіру жұмыстары атқарылады.

Алақол аудандық сайлау комиссиясы ҚАУЛЫ

25 маусым 2021 жыл

№3

Үшарал қаласы

Алақол ауданының ауылдық округ әкімдерінің сайлауын тағайындау туралы

Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 113-1-бабына сәйкес Алақол аудандық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алақол ауданында 2021 жылғы 25 шілдеге сайлау тағайындалсын:

- Ақтүбек ауылдық округінің әкімі;
- Бескөл ауылдық округінің әкімі;
- Ынталы ауылдық округінің әкімі;
- Жағатал ауылдық округінің әкімі;
- Жайпақ ауылдық округінің әкімі;
- Қабанбай ауылдық округінің әкімі;
- Қамысқала ауылдық округінің әкімі;
- Терекі ауылдық округінің әкімі;

2. 2021 жылғы 25 шілдеге тағайындалған Алақол ауданының ауылдық округтері әкімдерінің сайлауын дайындау мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың Күнтізбелік жоспары осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы қаулы Алақол аудандық сайлау комиссиясының интернет-бетінде және аудандық "Алақол" газетінде жариялансын.

Алақол аудандық сайлау комиссиясының төрағасы

С.БЕКБОЛАТОВ.

Алақол аудандық сайлау комиссиясының хатшысы

Ж.САДЫРБЕКОВА.

Алақол аудандық сайлау комиссиясының 2021 жылғы 25 маусымдағы № 3 шешімімен бекітілген.

КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАР

2021 жылғы 25 шілдеге тағайындалған Алматы облысы Алақол ауданының Ақтүбек, Бескөл, Жағатал, Жайпақ, Ынталы, Қабанбай, Қамысқала және Теректі ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралар

1. Алақол ауданы бойынша Ақтүбек, Бескөл, Жағатал, Жайпақ, Ынталы, Қабанбай, Қамысқала және Теректі ауылдық округтердің әкімдерінің сайлауын тағайындау.

Аудандық сайлау комиссиясы
25 маусым 2021 жыл.

(14-б. 8-1) т., 113-1-б.2,3-т)

2. Сайлау округтерінің тізімін, олардың шекаралары мен аумақтық сайлау комиссияларының орналасқан жерлерін көрсете отырып, тиісті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау.

Аудандық сайлау комиссиясы
Сайлау тағайындалғаннан кейін он күн мерзімнен кешіктірмей, **2021 жылғы 5 шілдеден кешіктірмей.**

(22-б.)

3. Аумақтық сайлау комиссияларының құрамын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау. Аудандық сайлау комиссиясы Сайлау тағайындалғаннан кейін он күн мерзімнен кешіктірмей, **2021 жылғы 5 шілдеден кешіктірмей.**

(13-б. 4-т.)

4. Учаскелік сайлау комиссияларының құрамын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау.

Аудандық сайлау комиссиясы
Сайлау тағайындалғаннан кейін он бес күннен кешіктірмей, **2021 жылғы 10 шілдеден кешіктірмей.**

(17-б. 2-т.)

5. Сайлау учаскелерінің шекаралары туралы хабарды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау.

Аудан әкімдігі
Сайлау тағайындалғаннан кейін он бес күндік мерзімнен кешіктірмей, **2021 жылғы 10 шілдеден кешіктірмей.**

(23-б. 5-т.)

6. Әкімдікке кандидаттар ұсыну

Белгіленген тәртіппен тіркелген саяси партиялар және өзін-өзі ұсыну тәртібімен азаматтар. Егер сайлауды тағайындау кезінде өзгеше белгіленбесе, сайлау тағайындалған күннен кейінгі күннен басталады және сайлау өткізілетін күнге он бес күн қалғанда жергілікті уақытпен сағат он сегізде аяқталады. **2021 жылғы 26 маусымда** басталады және **2021 жылғы 9 шілдеде** жергілікті уақыт бойынша сағат **18.00-де** аяқталады.

(113-3-б.1-т.)

7. Әкімдікке кандидаттардың Қазақстан Республикасының Конституциясында «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында (бұдан әрі – сайлау туралы Конституциялық Заң), «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабында және Мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамада қойылатын талаптарға сәйкестігін анықтау.

Аудандық сайлау комиссиясы. (ст. 4, пп.2) п. 11ст.113-5)

8. Әкімдікке кандидаттардың сенім білдірген адамдарын тіркеу және оларға тиісті куәліктер беру.

Аудандық сайлау комиссиясы
Әкімдікке кандидаттың Қазақстан Республикасының Конституциясында және сайлау туралы Конституциялық заңда көзделген талаптарға сәйкестігі анықталған күннен бастап (пп. 8-1) ст.14, ст. 31)

9. Әкімдікке кандидаттарға қолдап қол жинау үшін қол қою парақтарын беру.

Аудандық сайлау комиссиясы
Әкімдікке кандидаттардың Қазақстан Республикасының Конституциясында «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында (бұдан әрі – сайлау туралы Конституциялық Заң), «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабында және Мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамада қойылатын талаптарға сәйкестігі анықталғаннан кейін, 3 күн ішінде.

(113-4-б.)

10. Әкімдікке кандидаттарды қолдау үшін жиналған қолдардың дұрыстығын тексеру және тиісті хаттаманы ресімдеу.

Аудандық сайлау комиссиясы паспорт қызметтерінің қызметкерлерін тарта отырып **Қол қою парақтары сайлау комиссиясына тапсырылғаннан кейін үш күн мерзімде**

(113-4-б. 7-т)

11. Жергілікті атқарушы органдардың шотына республикалық бюджет туралы заңда белгіленетін және 2021 жылғы 1 қаңтарға қолданыста болатын ең төменгі жалақының бір еселенген мөлшерінде сайлау жарнасын енгізеді.

Әкімдікке кандидаттар, саяси партиялар
Кандидатты тіркегенге дейін

(113-5-б. 2-т)

12. Тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кіріс органдарына ұсыну мерзімі басталған айдың бірінші күніне активтер мен міндеттемелер туралы декларацияларды ұсыну (2021 жылдың 1 маусымдағы жағдай бойынша)

Кандидат пен оның жұбайы (зайыбы)
Кандидат тіркелгенге дейін

(113-5-б. 3-т)

13. Кандидат және оның жұбайының (зайыбының) декларациялаған активтер мен міндеттемелер туралы мәліметтердің дұрыстығын тексеру.

Мемлекеттік кіріс органдары
Кандидат тіркелген күннен бастап бес күн ішінде

(113-5-б. 4-т)

14. Әкімдікке кандидаттарды тіркеу және оларға тиісті куәліктер беру.

Аудандық сайлау комиссиясы
Ол барлық қажетті құжаттарды алғаннан кейін басталады және сайлау күнінен он күн бұрын жергілікті уақыт бойынша сағат 18.00-де аяқталады.
2021 жылдың 26 маусымында басталады және **2021 жылғы 14 шілдеде** жергілікті уақыт бойынша сағат **18.00-де** аяқталады.

(14-б., 8-1)тт., 113-5-б)

15. Әкімдікке кандидаттарды тіркеу туралы хабарламаны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау.

Аудандық сайлау комиссиясы
Кандидаттар тіркелгеннен кейін бесінші күннен кешіктірмей.

(113-5-б. 9-т.)

16. Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу және оларды жарақтандыру.

Жергілікті атқарушы органдар және аудандық сайлау комиссиясы
Үгіт басталғанға дейін

(28-б. 6-т.)

17. Сайлау алдындағы үгітті жүргізу.

Кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталған кезден басталады және сайлау болатын күннің алдындағы күнгі жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады.
2021 жылғы 14 шілдеде жергілікті уақыт бойынша сағат **18.00-ден** кейін басталады және **2021 жылғы 24 шілдеде** жергілікті уақыт бойынша **нөл сағатта** аяқталады.

(27-б. 2-т.)

18. Әкімдікке кандидаттарға сайлаушылармен кездесу үшін үй-жайлар беру және бөлінген үй-жайларда кандидаттардың және олардың сенім білдірген адамдарының сайлаушылармен кездесу кестесін жасау және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау.

Жергілікті атқарушы органдар және аудандық сайлау комиссиясы
Сайлау алдындағы үгітті жүргізу кезеңінде

(28-б. 4-т.)

19. Әрбір сайлау учаскесі бойынша әкім қол қойған сайлаушылардың тізімдерін сайлау комиссиясына акт бойынша ұсыну.

Аудан әкімі
Дауыс беру басталардан жиырма күн бұрын **2021 жылғы 5 шілдеге** дейін

(24-б. 5-т)

20. Сайлау учаскелері бойынша сайлаушылардың тізімдерін танысу үшін сайлаушыларға ұсыну.

Учаскелік сайлау комиссиялары
Дауыс беретін күнге он бес күн қалғанда, **2021 жылғы 10 шілдеден бастап.**

(26-б. 1-т.)

21. Сайлаушыларды дауыс беру күні, уақыты мен орны туралы хабардар ету.

Учаскелік сайлау комиссиялары
Дауыс беру өткізілетін күннен **кемінде, 2021 жылғы 15 шілдеге дейін.**

(18-б. 5) т., 38-б. 2-т.)

22. Дауыс беруге арналған сайлау бюллетеньдерін учаскелік сайлау комиссияларына жеткізу.

Аудандық сайлау комиссиясы
Сайлауға дейін кемінде үш күн бұрын және бір күн бұрын 2021 жылғы 22 шілдеден ерте емес және 24 шілдеден кешіктірмей

(37-б. 3-т.)

23. Дауыс беруге арналған сайлау учаскелерін ашу және тиісті хаттама жасау.

Учаскелік сайлау комиссиялары
Дауыс берудің басталуына бір сағат қалғанда **2021 жылғы 25 шілдеде** жергілікті уақыт бойынша сағат 06:00-де.

(40-б. 1-т.)

24. Дауыс беруді өткізу

Учаскелік сайлау комиссиялары
Сайлау күні жергілікті уақыт бойынша сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін

(38-б. 1-т.)

25. Дауыстарды санау және сайлау учаскесінде тиісті әкімдер сайлауы бойынша дауыс беру нәтижелері туралы хаттамалар жасау.

Учаскелік сайлау комиссиялары
Жергілікті уақыт бойынша сағат **20:00-де** басталады.

(18-б. 8) т., 43-б.)

26. Дауыс беру нәтижелері туралы хаттаманың көшірмесін сайлау учаскесінің үй-жайында жалпы жұрттың танысуы үшін арнайы белгіленген орынға ілу.

Учаскелік сайлау комиссиялары
Хаттамаларға қол қойылғаннан кейін – **дереу.**

(43-б. 8-т.)

27. Сайлау учаскелерінде дауыс беру нәтижелері туралы хаттамаларды тиісті аудандық аумақтық сайлау комиссияларына ұсыну.

Учаскелік сайлау комиссиялары
Хаттамаға қол қойылғаннан кейін – **дереу.**

(113-8-б. 1-т.)

28. Әкім сайлауының қорытындыларын анықтау.

Аудандық сайлау комиссиясы
Сайлаудан кейін үш күн мерзімінен кешіктірмей **2021 жылғы 28 шілдеден кешіктірмей**

(113-10-б.)

29. Әкімдерді сайлау қорытындылары туралы хабарды жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау.

Аудандық сайлау комиссиясы
Сайлау өткізілген күннен бастап төрт күннен кешіктірмей **2021 жылғы 28 шілдеден кешіктірмей**

(44-б.)

30. Сайланған әкімдерді тіркеу, тиісті куәліктер беру.

Аудандық сайлау комиссиясы
сайлау өткізілген күннен бастап жеті күн мерзімде Сайланған әкімдерден жеті күн мерзім ішінде Конституцияға және сайлау туралы Конституциялық заңға сәйкес әкім мәртебесімен сыйыспайтын міндеттерді өздерінен алу туралы жазбаша өтініш алғаннан кейін **2021 жылғы 31 шілдеден кешіктірмей**

(45-б, 2-т, 46-б, 113-11-б)

Ескертпе: Күнтізбелік жоспардың мәтінінде «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының нормаларына сілтемелер берілді.

Алакольская районная избирательная комиссия ПОСТАНОВЛЕНИЕ

25 июня 2021 год

№3

город Ушарал

О назначении выборов акимов сельских округов Алакольского района

В соответствии со статьей 113-1 Конституционного Закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» Алакольская районная избирательная комиссия **ПОСТА-
НОВЛЯЕТ:**

1. Назначить на 25 июля 2021 года в Алакольском районе выборы:

- акима Актубекского сельского округа;
- акима Бескольского сельского округа;
- акима Ынталинского сельского округа;
- акима Жагатаьского сельского округа;
- акима Жайпакского сельского округа;
- акима Кабанбайского сельского округа;
- акима Камыскалинского сельского округа;
- акима Теректинского сельского округа;

2. Утвердить календарный план основных мероприятий по подготовке и проведению выборов акимов сельских округов Алакольского района, назначенных на 25 июля 2021 года, согласно приложению к настоящему постановлению.

3. Опубликовать настоящее постановление на интернет-странице Алакольской районной избирательной комиссии и в районной газете «Алақол».

Председатель Алакольской избирательной комиссии

С.БЕКБОЛАТОВ.

Секретарь Алакольской избирательной комиссии

Ж.САДЫРБЕКОВА.

Утвержден решением Алакольской
районной избирательной комиссии
от 25 июня 2021 года № 3

КАЛЕНДАРНЫЙ ПЛАН

основных мероприятий по подготовке и проведению выборов акимов Актубекского, Бескольского, Жагатаьского, Жайпакского, Ынталинского, Кабанбайского, Камыскалинского и Теректинского сельских округов Алакольского района Алматинской области, назначенных на 25 июля 2021 года

1. Назначение выборов по Алакольскому району акимов Актубекского, Бескольского, Жагатаьского, Жайпакского, Ынталинского, Кабанбайского, Камыскалинского и Теректинского сельских округов.

Районная избирательная комиссия

25 июня 2021 года

(п.2,3ст.113-1)

2. Опубликование в соответствующих средствах массовой информации списка избирательных округов с указанием их границ и мест нахождения территориальных избирательных комиссий

Районная избирательная комиссия

Не позднее чем через десять дней после назначения выборов – **не позднее 5 июля 2021 года**

(ст.22)

3. Опубликование в средствах массовой информации состава территориальных избирательных комиссий

Районная избирательная комиссия

Не позднее чем через десять дней после назначения выборов - **не позднее 5 июля 2021 года**

(п.4 ст.13)

4. Опубликование в средствах массовой информации состава участковых избирательных комиссий

Районная избирательная комиссия

Не позднее чем через пятнадцать дней после назначения выборов - **не позднее 10 июля 2021 года**

(п. 2 ст.17)

5. Опубликование в средствах массовой информации сведений о границах избирательных участков

Соответствующие акимы

В пятнадцатидневный срок после назначения выборов

- **не позднее 10 июля 2021 года**

(п. 5 ст. 23)

6. Выдвижение кандидатов в акимы

Политические партии, зарегистрированные в установленном порядке и граждане в порядке самовыдвижения

Начинается со дня, следующего за днем назначения выборов и заканчивается в восемнадцать часов по местному времени за пятнадцать дней до дня проведения выборов, если иное не установлено при назначении выборов

Начинается **26 июня 2021 года** и заканчивается в 18.00 часов по местному времени **9 июля 2021 года**

(п.1 ст. 113-3)

7. Установление соответствия кандидата в акимы требованиям, предъявляемым к ним Конституционным законом Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» (далее - Конституционный закон о выборах), статьи 36 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» и законодательством в сфере государственной службы

Районная избирательная комиссия

(ст. 4, пп.2) п. 11ст.113-5)

8. Регистрация доверенных лиц кандидатов в акимы и выдача им соответствующих удостоверений.

Районная избирательная комиссия

Со дня установления соответствия кандидата в акимы требованиям, предусмотренными Конституционным законом о выборах

(пп. 8-1) ст.14, ст. 31)

9. Выдача кандидатам в акимы, выдвинутых в порядке самовыдвижения, подписных листов для сбора подписей в поддержку

Районная избирательная комиссия

В трехдневный срок после проверки кандидата на соответствие требованиям, предусмотренным Конституционным законом, статьей 36 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» и законодательством в сфере государственной службы

(ст. 113-4)

10. Проверка достоверности собранных подписей в поддержку кандидатов в акимы и оформление соответствующего протокола

Районная избирательная комиссия с привлечением работников паспортных служб

В трехдневный срок после сдачи подписных листов от граждан, выдвинутых в порядке самовыдвижения в соответствующие избирательные комиссии. (п. 7 ст. 113-4)

11. Внесение на счет местных исполнительных органов избирательного взноса в размере однократной минимальной заработной платы, устанавливаемой законом о республиканском бюджете и действующем на 1 января 2021 года

Кандидаты в акимы,

политические партии (за каждого выдвинутого кандидата)

До регистрации кандидата (п. 2 ст. 113-5)

12. Представление в органы государственных доходов по месту жительства декларации об активах и обязательствах на первое число месяца начала срока выдвижения (на 1 июня 2021 года)

Кандидат и его (ее) супруга (супруг)

До регистрации кандидата (п. 3 ст. 113-5)

13. Проверка достоверности сведений об активах и обязательствах, задекларированных кандидатом и его (ее) супругой (супругом)

Органы государственных доходов

В течение пяти дней со дня регистрации кандидата

(п. 4 ст. 113-5)

14. Регистрация кандидатов в акимы и выдача им соответствующих удостоверений

Районная избирательная комиссия

Начинается после получения всех необходимых документов и заканчивается в 18.00 часов по местному времени за десять дней до дня выборов

Начинается **26 июня 2021 года** и заканчивается в 18.00 часов по местному времени **14 июля 2021 года**

(ст. 113-5)

15. Опубликование в средствах массовой информации сообщения о регистрации кандидатов в акимы

Районная избирательная комиссия

Не позднее чем на пятый день после регистрации кандидатов

(п. 9 ст. 113-5)

16. Определение мест для размещения агитационных печатных материалов и их оснащение

Местные исполнительные органы и Районная территориальная избирательная комиссия

До начала агитации

(п. 6 ст. 28)

17. Проведение предвыборной агитации

Начинается с момента окончания срока регистрации кандидатов и заканчивается в ноль часов по местному времени дня, предшествующего дню выборов

Начинается после **18.00 часов** по местному времени **14 июля 2021 года** и заканчивается в **ноль часов** по местному времени **24 июля 2021 года**

(п. 2 ст. 27)

18. Предоставление кандидатам в акимы помещений для встреч с избирателями, составление и опубликование в средствах массовой информации графика встреч кандидатов и их доверенных лиц с избирателями в выделенных помещениях

Местные исполнительные органы и Районная территориальная избирательная комиссия

В период проведения предвыборной агитации (п. 4 ст. 28)

19. Представление по акту в избирательную комиссию списков избирателей, подписанных акимом по каждому избирательному участку

Аким района

За двадцать дней до начала голосования **до 5 июля 2021 года**

(п. 5 ст. 24)

20. Представление избирателям для ознакомления списков избирателей по избирательным участкам

Участковые избирательные комиссии

За пятнадцать дней до дня голосования

с 10 июля 2021 года

(п. 1 ст. 26)

21. Оповещение избирателей о дне, времени и месте голосования

Участковые избирательные комиссии

Не позднее чем за десять дней до дня проведения голосования **до 15 июля 2021 года**

(пп. 5) ст. 18, п. 2 ст. 38)

22. Доставка избирательных бюллетеней для голосования участковым избирательным комиссиям

Районная избирательная комиссия

Не ранее чем за три дня и позднее чем за один день до выборов **Не ранее 22 июля и не позднее 24 июля 2021 года**

(п. 3 ст. 37)

23. Открытие избирательных участков для голосования и составление соответствующего протокола

Участковые избирательные комиссии

За один час до начала голосования

25 июля 2021 года в 06.00 часов по местному времени

(п. 1 ст. 40)

24. Проведение голосования

Участковые избирательные комиссии

В день выборов с 07.00 до 20.00 часов по местному времени

(п. 1 ст. 38)

25. Подсчет голосов и составление протоколов о результатах голосования по выборам акима на избирательном участке

Участковые избирательные комиссии

Начинается в **20.00 часов** по местному времени

(пп. 8) ст. 18, ст. 43)

26. Вывешивание копии протокола о результатах голосования в помещении избирательного участка в специально установленном месте для всеобщего ознакомления

Участковые избирательные комиссии

После подписания протоколов – **немедленно**

(п. 8 ст. 43)

27. Представление протоколов о результатах голосования на избирательных участках в районную избирательную комиссию

Участковые избирательные комиссии

После подписания протокола – **немедленно** (п. 1 ст. 113-8)

28. Установление итогов выборов акима

Районная избирательная комиссия

Не позднее чем в трехдневный срок после выборов **Не позднее 28 июля 2021 года**

(п.1 ст. 113-10)

29. Опубликование в средствах массовой информации сообщения об итогах выборов акимов

Районная избирательная комиссия

Не позднее четырех дней со дня проведения выборов **Не позднее 28 июля 2021 года**

(ст.44)

30. Регистрация избранных акимов, выдача соответствующих удостоверений

Районная избирательная комиссия

В семидневный срок со дня проведения выборов

После получения от избранных акимов в семидневный срок письменного заявления о сложении с себя обязанностей, не совместимых в соответствии с Конституцией и Конституционным законом о выборах со статусом акима.

Не позднее **31 июля 2021 года**

(ст. 45, п. 3 ст. 46, п.1 ст. 113-11)

Примечание: В тексте Календарного плана даются ссылки на нормы Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан».

Алақол ауданында округ әкімдерінің сайлауы өтетін сайлау учаскелерінің орталықтары мен шекаралары

Жағатал ауылдық округі

1. № 51 сайлау учаскесі.

Орталығы: Бесағаш ауылы Т. Рысқұлов көшесі № 2, Ш. Ашимованың тұрғын үйі.

Шекарасы: Бесағаш ауылының аумағы.

2. № 58 сайлау учаскесі.

Орталығы: Қазақстан ауылы І. Жансүгіров көшесі №12, «Алматы облысы білім басқармасының Алақол ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қабанбай батыр атындағы орта мектебі мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Қазақстан ауылының аумағы.

Ынталы ауылдық округі

№ 52 сайлау учаскесі.

Орталығы: Ынталы ауылы Алматы көшесі №22, «Алматы облысы білім басқармасының Алақол ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ынталы орта мектебі мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Ынталы ауылының аумағы.

Бескөл ауылдық округі

1. № 59 сайлау учаскесі.

Орталығы: Бұлақты ауылы Жамбыл көшесі № 1 «Б», «Алматы облысы білім басқармасының Алақол ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Бұлақты орта мектебі мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Бұлақты ауылының аумағы.

2. № 60 сайлау учаскесі.

Орталығы: Бескөл бекеті Ә. Бейсеуов көшесі № 3, «Алматы облысы білім басқармасының Алақол ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қант зауыты орта мектебі мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Бескөл бекеті Ә. Тәжібаев, Ә. Бейсеуов, Д. Қонаев, Т. Тоқтаров, Р. Маманова, М. Дулепов, Ә. Молдағұлова, М. Мәметова көшелері.

3. № 61 сайлау учаскесі.

Орталығы: Бескөл бекеті М. Шоқай көшесі № 1, «Алматы облысы білім басқармасының Алақол ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Бескөл стансасындағы № 14 орта мектебі мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Бескөл бекеті Ақан сері, Ақын Сара, Қорқыт Ата, Е. Сыпатаев, М. Шоқай, Қобыланды батыр, Н. Тілендиев, Райымбек батыр, Ә. Қастеев, Әл-Фараби, Бейбітшілік, М. Тынышбаев, Достық, Д. Нұрпейісова, Ә. Қабанбаев, Абай, Пушкин, Жібек жолы көшелері, № 5,13, Сайқан разъездерінің аумағы.

4. № 62 сайлау учаскесі.

Орталығы: Бескөл бекеті Б. Момышұлы көшесі № 90, Бұлақты ауылының мәдениет үйі.

Шекарасы: Бескөл бекеті М. Өзтүрік, Қ. Сәтпаев, Н. Әбдіров, Б. Саттарханов, Т. Жүргенов, Құрманғазы, Р. Қошқарбаев, М. Баекенов, А. Нұрмұхамбетов, Жамбыл, Амангелді, Ш. Айманов көшелері, Қаратұма ауылының аумағы.

Қамысқала ауылдық округі

№ 63 сайлау учаскесі.

Орталығы: Қамысқала ауылы И. Қилыбаев көшесі № 20, «Алматы облысы білім басқармасының Алақол ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Алақол орта мектебі мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Қамысқала, Алақол ауылдарының аумағы.

Ақтүбек ауылдық округі

№ 64 сайлау учаскесі.

Орталығы: Ақтүбек ауылы Т. Ысқақов көшесі № 41, «Алматы облысы білім басқармасының Алақол ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ақтүбек орта мектебі мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Ақтүбек ауылының аумағы.

Жайпақ ауылдық округі

№ 66 сайлау учаскесі.

Орталығы: Жайпақ ауылы Ы. Әлібаев көшесі № 37, «Алматы облысы білім басқармасының Алақол ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «М. Төлебаев атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

